№ исх: 18-2-4-06/731 от: 28.04.2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

**«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі**

**МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Государственное учреждение «Департамент по обеспечению качества в сфере образования Актюбинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан»**

030002, Ақтөбе қаласы, Н.Қобландин көшесі, 10,
Тел.: 8 /7132/ 41-44-58, www.aktobecontrol.gov.kz

030002, город Актобе, улица Н.Кобландина, 10,
Тел.: 8 /7132/ 41-44-58, www.aktobecontrol.gov.kz

____________________№________________

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) ««Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-на 2023 жылғы 24-28 сәуір аралығында жүргізілген мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындысын жолдайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 31.12.2022 жылғы №14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулықтың» 78-тармағына (бұдан әрі- Нұсқаулық) сәйкес білім беру ұйымы Департаментке қорытындыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша ол тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктердің болуын ескере отырып, қорытынды тапсырылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кем емес (бір жылдан аспайтын) мерзімдерді көрсетіп, бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпарат беретіндігі және анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін осы Нұсқаулықтың 77-тармағына сәйкес Департаменттің лауазымды адамымен келісілетіні, сонымен қатар, Нұсқаулықтың 82-тармағына сәйкес бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін білім беру ұйымы Департаментке өз құзыреті шегінде есепті ұсынуға міндетті екендігі хабарланады.

Қосымша тіркелді: - 15 парақта.

**Департамент басшысы** **Г. Сарсенгалиева**

*Л.Кализина, 414431*

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды**

<u>Мұғалжар ауданының МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы</u>
білім беру ұйымының атауы

Ақтөбе қаласы «24» сәуір 2023 жыл
14 сағат 00 минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылға бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «24» сәуір мен «28» сәуір 2023 жыл аралығында Мұғалжар ауданының МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды Департаменттің 2023 жылғы «24» сәуір №279 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. Кализина Лейла Ергеновна – Департаменті білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
2. Мухамбетьярова Динара Бахыткерейқызы – Ақтөбе қаласы, №5 «Жұлдыз» санаториялық түрдегі туберкулез ясли-балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Өтесінова Бану Хасанқызы – Ақтөбе қаласы, №36 «Балақай» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі, комиссия мүшесі;
4. Әкімбаева Жанслу Жаңабайқызы – Ақтөбе қаласы, №44 «Тұлпар» бөбекжай-бақшасы әдіскері, комиссия мүшесі;
5. Мырзагулова Мирамгуль Тукенбаевна – «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «Әдістемелік кабинет» КММ бөлім меңгерушісі, комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

<u>Мұғалжар ауданының МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы</u>
білім беру ұйымының атауы

өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

| 1. **Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер** | |
|---|---|
| 1) | **білім беру ұйымының толық атауы:** МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы |
| 2) | **білім беру ұйымының орналасқан жері:** *(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы).* Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Жастық мөлтек ауданы, 52 құрылыс |
| 3) | **заңды тұлғаның байланыс деректері:** *(телефон, электрондық пошта, web-сайт).* Телефон:8-71333-3-14-47, Электронды пошта kunshuak_sad@mail.ru **Web-сайт:** |

| | |
|---|---|
| | kunshuaksad.edu.kz |
| 4) | **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** *(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).* Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Курманова Жадра Аскаровна 2021 жылы 5 қаңтар айында меңгеруші қызметіне Мұғалжар ауданының білім бөлімінің №07-жу бұйрығымен меңгеруші қызметіне қайта тағайындалды. **Телефон:** 87758472810 |
| 5) | **құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** *(заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).* «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Мұғалжар аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу бөлімімен 19.01.2021 жылы берілген, БСН 100240006412, алғашқы мемлекеттік тіркеу Кәсіпорын Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 08 ақпан айында құрылған. |
| 6) | **рұқсат беру құжаттары:** *(білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).* Қызметтін жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ05RVK00023483 берілген хабарлама. |
| **2. Оқыту нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.** | |
| 1) | **Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының** *(нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген)* **(бұдан әрі – МЖМС) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары** *(нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген)* **(бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі.**<br>*Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекітілген жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінің көшірмелері және т.б..*<br>**Талдау нәтижелері:**<br>Аталған критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Күншуақ» бөбекжайы тарапынан 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының көшірмелері ұсынылған.<br>Өткен - 2020-2021;2021-2022 оқу жылдары бойынша қолданыста болған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (***өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрықтары***) бойынша талапқа сәйкес құрылған, сағат сандары инвариативтік және вариативтік бөліктер бойынша талапқа сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспарында кіші топ – 9 сағат, ортаңғы топтың апталық оқу жүктемесінің көлемі - 12 сағат (оның ішінде вариативтік бөлім – 1 сағат), ересек топта– 14 сағат (оның ішінде вариативті бөлімі 2 сағат) , мектепалды топтарында 20 сағат (оның ішінде вариативтік бөлім – 3 сағат) деп көрсетілген.<br>Ағымдағы оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы, 1-қосымшасы және 2-қосымшасы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары тиісті кестеге сай жасақталған. «Күншуақ» бөбекжайында ағымдағы 2022-2023 оқу жылында 14 топ жұмыс жасайтындығы бекітіліп көрсетілген. Оқу жоспары ерте жас (1 жастағы балалар), кіші топ (2 жастағы балалар), ортаңғы топ (3 жастағы балалар), ересек топ (4 жастағы балалар) мектепалды топ (5 жастағы балалар) апталық жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сай келеді. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 |

| | |
|---|---|
| | тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 –тарауының 4-тармағының 3- тармақшасының талаптарына **сәйкес келеді.** |
| 2) | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына** *(нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген)* **(бұдан әрі –МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру**<br>*Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекітілген жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінің, күн тәртібінің, бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес перспективалық жоспарлар және циклограммалар, ұйымдастырылған оқу қызметтерін бөлінуін растайтын құжаттар көшірмелері (арнайы түзетуші ұйымдастырылған оқу қызметтері), оның ішінде жылдық жұмыс жоспары. Жеке оқу жоспарларның және жеке бағдарламалардың көшірмелері, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды растайтын құжат көшірмелері, жас құрамы бойынша топтар тізімі.*<br>**Талдау нәтижелері:** аталған критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында бағалау кезеңі бойынша мектепке дейінгі ұйымның жас ерекшелігі – ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды (орыс, қазақ) топтарына қатысты перспективалық жоспарлар, циклограммалар ұсынылған.<br>Перспективтік жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде жасалған. 2020-2021 оқу жылында перспективалық жоспарлары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына сәйкес құрастырылып және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы іске асырылған. Перспективті жұмыс жоспарлары тәрбиеленушілерге арналып үлгілік бағдарламаға сәйкес құрылған, сағат сандары оқу жұмыс жоспарынан, алынған тақырыптар балалардың жас ерекшелігіне, апталық жүктемелерге сәйкес. 2020-2021 оқу жылында 14 топ – «Балапан» ерте жас, «Еркетай», «Ақбота», «Бәйтерек» кіші топтарына; «Жұлдыз», «Аққоян», «Құлагер», «Светлячок» ортаңғы топтарына, «Аққу», «Шаңырақ», «Сказка» ересек топтарына; «Айгөлек» , «Радуга», «Лучик» мектепалды топтарының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары талапқа сай жасақталған, сағат саны толық.<br>Өткен 2021-2022 оқу жылында 14 топ – «Еркетай» , «Ақбота», «Светлячок» кіші , «Құлагер», «Бәйтерек», «Балапан» , «Айгөлек» ортаңғы топтары; «Жұлдыз», «Аққоян», «Радуга», «Сказка», ересек топтары; «Лучик», «Шаңырақ», «Аққу» » мектепалды топтарының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары талапқа сай жасақталған, алайда ортаңғы «Балапан», «Айгөлек», «Бәйтерек», «Құлагер» мектепалды топтарының циклограммасында дене шынықтыру іс әрекеті маманының перспективалық жоспары бойынша деп көрсетілгенімен дене шынықтыру мамандарының бөлек циклограммасы ұсынылмаған. 2021-2022 оқу жылында *4К*, креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мақсаты ескерілген.<br>2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына меңгеруші тарапынан бекітілген ҰІӘ кестелері , күн тәртібі ұсынылған.<br>Ағымдағы оқу жылындағы перспективтік жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 |

бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын (бұдан әрі-Бұйрық) басшылыққа алып 14 топқа құрылған.

Перспективті жұмыс жоспарлары және циклограммалары «Балапан», «Ақбота» ерте жас топтары; «Еркетай», «Бәйтерек», «Светлячок» кіші топтары; «Шаңырақ», «Аққоян», «Сказка», ортаңғы топтары; «Құлагер», «Айгөлек», «Аққу», «Лучик» ересек топтары, «Радуга» мектепалды топ тәрбиеленушілеріне арналып үлгілік бағдарламаға сәйкес құрылған, дегенмен де 2022-2023 оқу жылындағы мектепалды «Жұлдыз» тобы, дене шынықтыру жетекшісі циклограммасы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген үлгі де **сақталмаған.**

## Бөбекжай-бақшада жазылған

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: № 11 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы : 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 05-09 қыркүйек айы, II апта 2022-2023 оқу жылы
Тақырыбы: «Балабақша»

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 05.09.2022 | Сейсенбі 06.09.2022 | Сәрсенбі 07.09.2022 | Бейсенбі 08.09.2022 | Жұма 09.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі күзгі, балаларды жақсы көтеріңкі көңіл-күйімен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу (Дене шынықтыру) | Нейро жаттығулар. «Іздерді дөп тап» Балалардың ертеңгі көңіл күйлерін қимылды жаттығулармен қабылдау. (Дене шынықтыру) | «Әжеге қонақта» Қуыршақ театры арқылы әдеппен сәлемдесу, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. (Қарым-қатынас іс әрекеті) | «Секіргіш қапшық» Қапшықтан алған шапшаң сыйы туралы көңілді жаттығу жасау. (Дене шынықтыру) | «Түзды жолдар» Массаждық жолдармен жүру, жүгіру, табанға арналған жаттығулар арқылы көтеріңкі көңіл күй қалыптастыру. (Дене шынықтыру) |
| | Құрылымдалған ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер біледі, пішіндерді атай алады. (танымдық іс-әрекеті) | Пед жет ойын: «Тәулік бөліктері» Мақсаты: Тәулік бөліктерін таң, кеш, күн. біледі. Апта күндерін шартты түрде 1-ден 7-ге дейін фигуралардың немесе ұштық таңбалардың суретімен белгілей алады. (танымдық іс-әрекеті) | Құрылымдалған ойын: «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыра алады., өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыланады. (танымдық іс-әрекеті) | Пед жет ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, еңбекті құрметтеу-ге үйренеді. | Құрылымдалған ойын: Қайсысы қайда тіршілік етеді Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табуды, олардың мекен-жайын анықтауды біледі. (Зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| Ата-аналармен | Ата-аналармен | Отбасылық тәрбие | Ата-аналарға арнайы | «Баланың балабақшаға | «Тазалық - денсаулық |

## Әдістемелік нұсқау хаттағы үлгі

2-қосымша

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ ____________________
Балалардың жасы____________________
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) __________

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | | | | | |
| Таңғы ас | | | | | |

Ағымдағы жылдың дене шынықтыру маманының ортаңғы топқа арналған перспективалық жоспары ұсынылмаған.

Күн тәртібі талапқа сәйкес 10,5 сағатқа арналып құрылған, күн тәртібі бойынша балабақша сағат 7.30-ден 18.00 ға дейінгі аралықта қызмет көрсетеді.

Зерделеу барысында ағымдағы 2022-2023 оқу жылдарына циклограмма, перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылған: балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіп құрылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3

| | |
|---|---|
| | тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- қосымшасының 2 – тарауының 4-тармағының 4- тармақшасының талаптарына **сәйкес келмейді.** |
| 3) | **Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына** *(нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген)* **(бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкестігі:**<br>***Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар:*** *білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің 1-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытумен қамтамасыз етуде кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың дипломдарының көшірмелері, штаттық кесте.*<br>**Талдау нәтижелері:**<br>**1. Кадрлық құрамға талдау**<br>«Күншуақ» бөбекжай-бақшасының ұсынған материалдары бойынша бағаланатын кезеңге кадрлық құрамы талданды:<br>2022-2023 оқу жылында бөбекжай-бақшасында 14 топ ( ерте жас, кіші топ, ортаңғы топ, ересек топ және мектепалды топ) жұмыс жасайды.<br>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына -қосымша<br>«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: *«Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады»* -деп көрсетілген.<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде бөбекжай-бақша 2022-2023 оқу жылына арналған штаттық кесте Мұғалжар аудандық білім бөлімінің басшасымен 2023 жылдың 1 қаңтарында бекітілген. |

| № | Лауазымдардың атауы | Үлгілік штаттық кестеге сәйкес | ББ –нің бекітілген штаттық кесте бойынша(ш.б) |
|---|---|---|---|
| 1 | Меңгеруші | 1 | 1 |
| 2 | Әдіскер кабинетінің әдіскері | | 1 |
| 3 | Әдіскер | 1 | 1 |
| 4 | Педагог-психолог | 1 | 1 |
| 5 | Тәрбиеші | 14 топ* 2,25 =15,75 | 14топ * 2,214 = 15,498 |
| 6 | Музыка жетекшісі | | 0,25*14 топ/ 3,0 |
| 7 | Қазақ тілі | | 4 орыс топ * 1,0 |
| 8 | Дене шынықтыру | | 14 топ*1,0 |
| 9 | Орыс тілі | | 0,25 |
| 10 | Хореография | | 0,55 |

Бөбекжай-бақша кадрларының штаттық бірліктері үлгілік штаттық кестеге толық сәйкес келмейді, өйткені 3 топқа 5 күндік жұмыс аптасы кезінде 10,5 сағаттық режимде әр топқа тәрбиеші лауазымына 2,25 ш.б берілу керек, бұдан 14 топ тәрбиешілерге 15,75 ш.б берілуі керек, бөбекжай-бақшада тәрбиешілерге 15,498 ш.б берілген. Бөбек жасындағы балаларға, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы музыка жетекшілері лауазымының штат бірліктері 2 жастағы және одан ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі, қазақ тілі педагогінің штат бірліктері 3

жастағы және одан да ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі, дене тәрбиесі залы болған жағдайда 3 және одан ересек жастағы балалардың әрбір тобы үшін лауазымның 0,25 бірлігі есебінде дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы лауазымының штат бірлігі қосымша есебінен белгіленеді.

**Білімі мен мамандығы бойынша**

Бөбекжай-бақшада ағымдағы оқу жылының басында 36 педагог (меңгеруші–1, әдіскер-1, әдіскер кабинетінің әдіскері-1, педагог-психолог-1, тәрбиеші-28, музыка жетекшісі-2, дене шынықтыру нұсқаушысы-1, қазақ тілі мұғалімі-1).

Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс жасайтын 36 педагог туралы мәлімет әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес кесте бойынша ұсынылған.

**Педагогтардың білімі туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Барлық педагог-тар | жоғарғы білімді | Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Оның ішінде мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Педагогикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 36 | 22 (61,1%) | 21 (95,4%) | 14 (38,8%) | 14(100%) | 0 |

27 тәрбиешінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бағыты бойынша және меңгеруші, әдіскер, психолог, музыка жетекшісі, дене тәрбие нұсқаушысы, қазақ тілі мұғалімі мамандарының білімі атқаратын лауазымдарына сәйкес.

Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 22 тармағы «Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

Ал 1-тәрбиеші Байдаулетова Нұржамал Ахметжанова «Орыс тілі және орыс әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша Жұмабек Ташенов атындағы университетте қашықтықтан оқыып жатқаны туралы анықтамасын ұсынған.

Министерство науки и высшего образования
Республики Казахстан
Университет имени «Жумабека Ташенева»

СПРАВКА

Дана студенту(-ке) *Байдаулетова Нуржамал Ахметжановна* о том, что он/она действительно обучается в университете имени «Жумабека Ташенева» на II курсе факультета «Педагогики и иностранных языков» по образовательной программе *«6В01201-Дошкольное воспитание и обучение» дистанционной формы обучения* в группе *ФПИ-21-6кс* на платной основе.

Справка дана *по месту требования*

Ретор — К.С. Байболв

Декан факультета — Ш.Н. Ергешбаева

М.П.

Регистрационный № *01* — Дата выдачи 02.09.2022 г.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік

сипаттамалары» - 4 параграф. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі» 20 тармағына Біліктілікке қойылатын талаптар: "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі және (немесе) техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды» сәйкес келеді.

Сонымен қатар бөбекжай-бақша тарапынан өткен оқу жылдарына арнап бағалау кезеңі бойынша мәліметтер кестемен ұсынылған:

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

| Оқу жылдары | Барлық педагогтар | Мектепке дейінгі жоғарғы білімді | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білімді | Арнаулыорта білім | Педагогикалық білім жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 37 | 15 (40,5) | 20 (54,1%) | 15 (40,5%) | 17 (45,9%) | |
| 2021-2022 | 37 | 15 (40,5) | 18 (48,6%) | 16 (43,2) | 19 (51,4%) | |

Педагогтар өткен оқу жылдарына тізіммен ұсынылмаған, жалпы сандық мәліметтер берілген.

**Біліктілік санаттары бойынша**

Қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген.

Осыған орай бөбекжай-балабақшада педагогтар санаттарын көтеруге жұмыстанған:

Өзін –өзі бағалау анықтамасы бойынша берілген мәліметте:

**Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Жоғары | Бірінші | Екінші | Санаты жоқ | Зерттеуші | Сарапшы | Модератор |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 37 | - | 7(17%) | 16(43%) | 14(37%) | - | - | |
| 2021-2022 | 37 | - | 2(5,4%) | 10(27%) | 15(40,5) | 3(8,1%) | 5(13,5%) | 2(5,4%) |
| 2022-2023 | 36 | - | 2(5,4%) | 6(16,6%) | 17(47,2) | 3(8,1%) | 5(13,5%) | 3(8,1%) |

Меңгерушісі бекітілген әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес тізім бойынша ұсынған мәліметпен өзін-өзі бағалау анықтамасындағы мәліметтер бір-бірімен сәйкес келеді.

2 қосымша бойынша ұсынған мәлімет бойынша 17 педагогтың санаты жоқ екені айқындалды.

Аталған кесте бойынша 19 педагогта біліктілік санаты бар, бұдан Қағиданың 24 тармағы талабының орындалуын, педагогтардың кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруын (растауын) ұсынылады.

**Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша**

### Курстан өткен педагогтар көрсеткіші

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Обл.Білім жетілдіру институты | Республикалық білім жетілдіру орталығы | Көрсеткіштері |
|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 37 | 12 | 7 | 51,3% |
| 2021-2022 | 37 | 12 | 7 | 51,3% |
| 2022 - 2023 | 36 | 20 | 7 | 75% |

Жалпы педагог саны-36. Педагогтар бейін бойынша біліктілік арттыру курсынан 27 педагог өткен. Оның ішінде мерзімі асып кеткен 8 педагог анықтады.
Абдыкова Акгуль, Карашева Гаухар, Кисекбаева Гулнара, Кудабаева Гулзат, Сарсенова Кулянда, Тамбаева Гульнара, Тухабаева Индира, Шарипова Жанар,
*Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі талабы бойынша зерделей келе бөбекжай-бақша меңгерушісі Курманова Жадра 2021 жылдың 10 тамызында Педагогикалық шеберлік орталығында 80 сағаттық курсты аяқтаған.*

**Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету**

Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады» -деп көрсетілген.
